

Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 592. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.21. N 678 қаулысымен.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесі бекітілсін.
2. "Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қыркүйектегі N 1169 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 31, 414-құжат) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 мамырдағы
N 592 қаулысымен
бекітілген

**Республикалық және жергілікті бюджеттердің
жобаларын әзірлеу ережесі**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Негізгі ережелер

Ескерту. Мәтін бойынша сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441 қаулысымен .

1. Осы Ереже алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін анықтайды.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары (бұдан әрі - Республиканың индикативтік жоспары), жергілікті өкілетті органдар бекіткен аумақтарды дамытудың тиісті кезеңге арналған экономикалық

және әлеуметтік бағдарламалары алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын және мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу процесі өзіне үш негізгі кезеңді қамтиды:

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау;

2) жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін келісу және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын мақұлдау.

4. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштері мынадай нысан бойынша жасалады:

1) т ү с і м д е р :

кірістер (салықтық және салыққа жатпайтын түсімдер, капиталмен жасалатын операциялардан алынатын кірістер);

алынған ресми трансферттер;

несиелерді қайтару;

2) ш ы ғ ы с т а р ;

3) бюджет тапшылығы (профициті);

4) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану).

2-бөлім. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу

2-тарау. Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштерді және басымдықтарды анықтау

5. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу Республиканың индикативтік жоспарының негізінде және өткен қаржы жылында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ескере отырып жүзеге асырылады.

6. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде орталық атқарушы органдарға және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - облыстың жергілікті атқарушы органы), өзге де мемлекеттік органдарға алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджет түсімдерінің көлемін болжамдау, алдағы он жылдық кезеңге арналған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты бағалау және болжау үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесін жібереді.

7. Орталық атқарушы органдар және облыстың жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі

мерзімде Қаржы министрлігі жіберген көрсеткіштердің тізбесі бойынша болжамды деректерді (бұдан әрі - мемлекеттік бюджетті болжамдауға арналған деректер) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

8. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес өткен жыл үшін республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді және бір мезгілде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай ұсыныстар береді: <*>

Республиканың индикативтік жоспарының, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі бойынша;

1-қосымшаға сәйкес нысанда алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441 қаулысымен.

9. Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде қарыз капиталы рыноктарындағы өзгерістердің болжамдарын ескере отырып, Республиканың индикативтік жоспарының макроэкономикалық көрсеткіштері, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш көлемдері мен құрылымы серпінінің есептеулері және мемлекеттік бюджетті болжамдауға арналған деректер негізінде:

осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген нысанда жасалған алдағы үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесін;

алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін;

тиісті орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша жасалған шикізат секторы ұйымдарының тізбесін әзірлейді және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

Республикалық бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейінгі мерзімде осы тармақта көрсетілген көрсеткіштерді, алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының

тізбесін, алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін қарайды және анықтайды, сондай-ақ олардан түсетін түсімдердің болжамды көлемдерін анықтау және оны кейіннен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізуі үшін шикізат секторы ұйымдарының тізбесін қарайды.

Республикалық бюджет комиссиясы анықтаған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын және алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін Қаржы министрлігі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне, облыстардың жергілікті атқарушы органдарына ж е т к і з е д і .

10. Республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген республикалық және жергілікті бюджеттердің арасындағы кірістерді бөлу нормативтерін, қарыз алудың қаржылық шекаралары мен болжамдалып отырған үкіметтік заемдардың тізбесін ескере отырып жасалған республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың болжамды есептеулерін ескере отырып, Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейінгі мерзімде:

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің болжамды к ө р с е т к і ш т е р і н ;

республикалық бюджетке түсетін түсімдерді;

республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитін);

тиісті қаржы жылының соңындағы үкіметтік борыштың лимитін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимитін;

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджет шығыстарының л и м и т і н ;

2) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегінің сомаларын Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұ с ы н а д ы .

Республикалық бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көрсеткіштерді және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің республикалық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан

кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемін қарайды және анықтайды.

11. Инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимиттерін, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемдерін қоспағанда, Республикалық бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін республикалық бюджет шығыстарының лимиттерін үш жұмыс күні ішінде Қаржы министрлігі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қаулысымен.

12. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, Республикалық бюджет комиссиясы анықтаған инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимиті шегінде инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін қалыптастырады және ағымдағы жылдың 10 мамырына дейін оларды Республикалық бюджет комиссиясына енгізеді. <*>

Республикалық бюджет комиссиясы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды, оның ішінде облыстарда, Астана және Алматы қалаларында іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін қарайды және анықтайды, оларды Қаржы министрлігі ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және облыстардың жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441 қаулысымен.

3-тарау. Жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін келісу және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу

13. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары ағымдағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің (бұдан әрі - облыс бюджеті) мынадай болжамды көрсеткіштерін:

Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша облыстардың бюджеттеріне түсетін түсімдерді;

тиісті қаржы жылының аяғында облыстың жергілікті атқарушы органы борышының көлемін;

облыстың жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арналған шығындардың көлемін бюджеттік жоспарлау

жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсынады.

Жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін негіздеу үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдары қажетті есептеулерді ұсынады.

14. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республиканың индикативтік жоспарының, алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының негізінде Республикалық бюджет комиссиясы анықтаған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдерін ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстар лимиттерінің, инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдері шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді Қаржы министрлігі белгілеген нысанда жасайды және ағымдағы жылдың 30 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

15. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша паспорттардың тиісті деректерін және жобаларын қамтитын бюджеттік өтінімді жасайды.

16. Бюджеттік бағдарлама паспортының жобасы 2-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады және өзіне мынадай тармақтарды қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламаның құны

Осы тармақта бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажет жылдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша паспорттың жобасы инвестициялық жобаны іске асырғаннан бастап өткен кезең ішінде игермеген сомаларды бөліп көрсетумен инвестициялық жобаның толық құнын, ағымдағы қаржы жылына және инвестициялық жобаны іске асыру аяқталғанға дейін кейінгі жылдарға жоспарланған сомаларды қамтуы тиіс; <*>

2) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі

Осы тармақта мемлекеттік функциялар мен осы бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері келтіріледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық кесімнің атауын, күнін және нөмірін толық көрсету, заңнамалық кесімге сілтеме жасалған жағдайда, баптардың нөмірлерін міндетті түрде көрсету керек;

3) бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде үкіметтік заемдар, жергілікті атқарушы органдардың заемдары, жоғары тұрған бюджеттен бірлесіп қаржыландыру болуы мүмкін;

4) бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір түпкі нәтиже бағдарламаның мақсаты болып табылады. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты айқын, нақтылы және қол жетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты, ең алдымен, елдің стратегиялық даму міндеттерін, Республиканың индикативтік жоспарын, Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын (бұдан әрі - Облыстың индикативтік жоспары), мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқару функцияларын негізге ала отырып, қалыптастырылады;

5) бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның мақсаты жеке міндеттерге бөлінеді, яғни басты мақсат бағдарламаны шешу жолдарын құрылымдау және бөлу жолымен неғұрлым жеке б ө л і н і п т ә п т і ш т е л е д і .

Бағдарламаның міндеттері бағдарламаның мақсатын көрсетеді және анық, айқын, нақты әрі тексерілетін болуы тиіс.

Міндеттер қойылған мақсаттарға жетудің негізгі кезеңдерін білдіруі тиіс;

б) бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар жоспары сандық сипаттамалары бар ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді. Іс-шаралар жоспарында бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі нақты іс-қимылдар мен іс-шаралар осы іс-қимылдар көзделген кіші бағдарламалар (олар болған жағдайда) бойынша көрсетіле отырып, жауапты орындаушылар (ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өзі) және жылдар бойынша әрбір іс-шараны іске асыру мерзімдері көрсетіледі.

Іске асыру мерзімдері бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне жету жөніндегі іс-шараларды орындауды жоспарлайтын уақыт аралығын анықтайды.

Бюджеттік бағдарламаны жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламаның негізгі кезеңдерін іске асыру мерзімдері ресурстарды жұмылдыруға, процестерді іске асыруға және нәтижелердің көрінуіне қанша уақыт қажет болатынын түсінуге мүмкіндігінше негізделуі тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік салалық бағдарламаларды, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру мақсатында ұсынылатын мерзімдер осы бағдарламаларда анықталған іске асыру мерзімдеріне с ә й к е с к е л у і т и і с ;

7) бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

Осы тармақ жылдар бойынша бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтуы тиіс. Бағдарламаның орындалу деңгейін және оның тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер қол жетімді және тексерілетін болуы тиіс. < * >

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қ а у л ы с ы м е н .

17. Қаржы министрлігі мыналарды қарайды:
осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген облыстар бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін әрі келіседі;

бюджеттік өтінімдерді - олардың Республиканың индикативтік жоспарына, республикалық бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстардың жеткізілген лимиттеріне, инвестициялық жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдеріне, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің дұрыстығы мен негізділігі м ә н і н д е .

Олар бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ өткен жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпарат ағымдағы жылдың 15 маусымынан бастап Республикалық бюджет комиссиясының қарауына е н г і з і л е д і . < * >

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытындының нысанын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті о р г а н а й қ ы н д а й д ы . < * >

Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қ а у л ы с ы м е н .

18. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мақсаттарын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын мақсатты трансферттерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды Республикалық бюджет комиссиясына енгізеді.

19. Республикалық бюджет комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі енгізген ұсыныстарды және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындыларын, сондай-ақ бюджеттік

бағдарламаларды іске асыру барысы туралы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпаратын қарайды және ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейінгі мерзімде олар бойынша шешім шығарады. <*>

Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қ а у л ы с ы м е н .

20. Қаржы министрлігі осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген Республикалық бюджет комиссиясының шешімдерін ескере отырып, ағымдағы жылдың 20 шілдесіне дейінгі мерзімде:

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ерекшеліктер бөлінісінде республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемдерін;

ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, оның ішінде ағымдағы қаржы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша республикалық бюджет шығыстарының көлемдерін;

республикалық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;

тиісті қаржы жылының аяғындағы үкіметтік борыш лимитін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимитін;

2) алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде шикізат секторы ұйымдарынан республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің көлемдерін;

акциялардың мемлекеттік пакеті бар акционерлік қоғамдардан және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардан түсетін түсімдердің толық тізбесін;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің республикалық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегін жоспарланған қаржы жылында өтеу көлемін;

Қазақстан Республикасының Үкіметі резервтерінің мөлшерін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерін орындау сомасын;

айлық жалақының, зейнетақының ең аз мөлшерлерін, айлық есептік көрсеткішті;

республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін

;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде республикалық және жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттер сомасын Республикалық бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

21. Осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 25 шілдесіне дейін Республикалық бюджет комиссиясы қарайды және анықтайды. Республикалық бюджет комиссиясы Қаржы министрлігі мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары арасындағы облыстар бюджеттерінің болжамды көрсеткіштері бойынша келіспеушіліктерді ағымдағы жылдың 25 шілдесіне дейін қарайды және оларды реттеу жөнінде шешім шығарады.

4-тарау. Республикалық бюджеттің жобасын мақұлдау

22. Қаржы министрлігі Республикалық бюджет комиссиясы анықтаған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері негізінде алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 27 шілдесіне дейінгі мерзімде Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасын Республикалық бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 1 тамызына а н ы қ т а у ы т и і с .

23. Қаржы министрлігі алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының түпкі нұсқасы негізінде республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Заң жобасымен бір мезгілде Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

24. Республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдағаннан кейін Қаржы министрлігі осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген келісілген болжамды көрсеткіштерді облыстардың жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді.

3-бөлім. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу

1-бөлімше. Облыстық бюджеттің жобасын және Астана мен Алматы қалалары бюджеттерінің жобаларын әзірлеу

5-тарау. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау

25. Облыстың, Астана және Алматы қаласының жергілікті уәкілетті органы (бұдан әрі - облыстың жергілікті уәкілетті органы) Республиканың индикативтік жоспары және Облыстың индикативтік жоспары, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары негізінде, сондай-ақ өткен жылы анықталған үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген нысанда жасалған алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерін әзірлейді және ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде оларды облыстың, Астана, Алматы қаласының бюджет комиссиясының (бұдан әрі - облыстың бюджет комиссиясы) қарауына енгізеді.

26. Облыстық бюджеттен, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі - облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде облыстың жергілікті уәкілетті органына бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес өткен жыл үшін бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есепті және мыналар жөнінде:

Республиканың индикативтік жоспарының, Облыстың индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және салалық (секторалдық) бағдарламаларының негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі ж ө н і н д е ;

1-қосымшаға сәйкес нысанда алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі жөнінде ұсыныстар е н г і з е д і .

Облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейінгі мерзімде осы тармақта көрсетілген ұсыныстарды облыстың бюджет комиссиясына е н г і з е д і .

Облыстың бюджет комиссиясы анықтаған облыстық бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын және алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

27. Облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде облыстың бюджет комиссиясы Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға келісуге ұсыну үшін осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің болжамды көрсеткіштерін қарайды және анықтайды.

28. Облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын, бюджеттердің деңгейлері арасындағы кірістерді бөлу нормативтерін, жергілікті

атқарушы органдардың қарыз алуының қаржылық шекаралары мен болжамдалып отырған заемдарының тізбесін ескере отырып жасалған облыс бюджетінің тапшылығын қаржыландырудың болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 15 сәуіріне д е й і н :

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ;

облыстық бюджетке түсетін түсімдерді;

облыстық бюджеттің тапшылығын (профицитін);

облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын инвестициялық жобаларды ескере отырып, жобалар бойынша облыстық бюджет шығыстарының лимитін;

2) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің әрбір тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегінің сомаларын облыстың бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Облыстың бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көрсеткіштерді және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемін қарайды және анықтайды.

29. Инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимиттерін қоспағанда, облыстың бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін облыстық бюджет шығыстарының лимиттерін, сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемдерін облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне үш жұмыс күні ішінде жеткізеді.

Ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша жергілікті бюджет шығыстарының лимиттерін облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың, Астана және Алматы қалаларының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына үш жұмыс күні і ш і н д е ж е т к і з е д і .

30. Облыстың, Астана және Алматы қаласының экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша облыстың бюджет

комиссиясы анықтаған шығыстардың лимиті шегінде инвестициялық жобалардың тізбесі мен оларды облыстық бюджеттен қаржыландыру көлемдерін қалыптастырады және ағымдағы жылдың 25 сәуіріне дейін кейіннен ол облыстың бюджет комиссиясына енгізуі үшін оларды облыстың жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

Облыстың бюджет комиссиясы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды, оның ішінде ауданда (қалада) іске асырылатын инвестициялық жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобаларды облыстық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін қарайды және анықтайды, оларды облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне және аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді.

6-тарау. Аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамды көрсеткіштерін келісу және облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу

31. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейінгі мерзімде Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын V991058_ облыстың жергілікті уәкілетті органының келісуіне ұсынады.

Аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамын негіздеу үшін аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қажетті е с е п т е у л е р д і ұ с ы н а д ы .

32. Облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Республиканың индикативтік жоспары, Облыстың индикативтік жоспары, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары, алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының негізінде, облыстың бюджет комиссиясы анықтаған облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдерін ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстардың лимиттері, инвестициялық жобаларды облыстық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдері шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша жасайды және ағымдағы жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде облыстың жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

33. Облыстық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша паспорттардың тиісті деректерін және жобаларын қамтитын бюджеттік өтінімдерді жасайды.

34. Облыстың жергілікті уәкілетті органы мыналарды қарайды: аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамды түсімдерін әрі келіседі; бюджеттік өтінімдерді - олардың Республиканың индикативтік жоспарына, Облыстың индикативтік жоспарына, алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін жеткізілген шығыстардың лимиттеріне, инвестициялық жобаларды облыстық бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдеріне, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің дұрыстығы мен негізділігі мәнінде.

Олар бойынша жергілікті уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ ағымдағы жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудағы нәтижелері туралы ақпарат ағымдағы жылдың 25 мамырынан бастап облыстың бюджеттік комиссиясының қарауына енгізіледі. <*>

Облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша жергілікті уәкілетті орган қорытындысына нысанын облыстың жергілікті уәкілетті органы айқындайды. <*>

Ескерту. 34-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қ а у л ы с ы м е н .

35. Облыстың бюджет комиссиясы облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, облыстың жергілікті уәкілетті органының қорытындыларын қарайды және ағымдағы жылдың 15 маусымына дейінгі мерзімде олар бойынша шешім шығарады.

36. Облыстың жергілікті уәкілетті органы осы Ереженің 35-тармағында көрсетілген облыстың бюджет комиссиясының шешімдерін ескере отырып, ағымдағы жылдың 25 маусымына дейінгі мерзімде:

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

ерекшеліктер бөлінісінде облыстық бюджетке түсетін түсімдердің көлемдерін ;

ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, оның ішінде ағымдағы қаржы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша облыстық бюджет шығыстарының көлемдерін;

облыстық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;

тиісті қаржы жылының аяғындағы облыстың жергілікті атқарушы органы
б о р ы ш ы н ы ң л и м и т і н ;

облыстың жергілікті атқарушы органының борышын өтеуге және оған
қызмет көрсетуге арналған шығындардың көлемін;

2) алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің мынадай болжамды
к ө р с е т к і ш т е р і н :

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің
бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы
жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегін
жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемін;

жергілікті атқарушы органдар резервтерінің мөлшерін;

жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін
ресми трансферттердің сомасын;

секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін
облыстың бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

37. Осы Ереженің 36-тармағында көрсетілген облыстық бюджеттің болжамды
көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін облыстың бюджет
комиссиясы анықтайды. Аудандар (қалалар) бюджеттерінің болжамды
көрсеткіштері бойынша келіспеушіліктерді ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін
облыстың бюджет комиссиясы қарайды және оларды реттеу жөнінде шешім
қабылдайды.

7-тарау. Облыстық бюджеттің жобасын мақұлдау

38. Облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың бюджет комиссиясы
анықтаған облыстық бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің негізінде алдағы
қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасының түпкі нұсқасын жасайды
және оны ағымдағы жылдың 5 шілдесіне дейінгі мерзімде облыстың бюджет
комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасының түпкі
нұсқасын ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейін облыстың бюджет комиссиясы
а н ы қ т а й д ы .

39. Облыстың жергілікті уәкілетті органы облыстың бюджет комиссиясы
анықтаған алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет жобасы түпкі
нұсқасының негізінде алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет туралы
мәслихат шешімінің жобасын жасайды және жергілікті атқарушы органға
ұ с ы н а д ы .

Облыстық бюджеттің жобасымен бір уақытта облыстың жергілікті уәкілетті
органы алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің болжамды
көрсеткіштерін облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады.

40. Облыстың жергілікті уәкілетті органымен келісілген облыстық бюджеттің

жобасын жергілікті атқарушы орган мақұлдағаннан кейін аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдердің болжамдарын облыстың жергілікті атқарушы органы аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жеткізеді.

41. Облыстың жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей облыс бюджетінің болжамын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

42. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджеттің бұрын жасалған болжамды көлемдерін нақтылайды және облыстық бюджеттің жобасын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізеді, ол бір ай ішінде оны бекіту жөнінде шешім қабылдайды.

2-бөлімше. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерін әзірлеу

8-тарау. Аудандар (қалалар) бюджеттерінің жобаларын әзірлеу үшін негізгі көрсеткіштер мен басымдықтарды анықтау

43. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы Республиканың индикативтік жоспарының және Облыстың индикативтік жоспары, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары, сондай-ақ өткен жылы анықталған үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген нысан бойынша жасалған алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін әзірлейді және ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде оларды ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

44. Аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы облыстың жергілікті уәкілетті органына келісуге ұсыну үшін Бірыңғай бюджеттік жіктеме кірістерінің жіктемесі бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетіне түсетін түсімдердің болжамын V991058_ қарайды және анықтайды.

45. Аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі - аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органына бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес өткен жыл үшін бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есепті және мыналар:

Облыстың индикативтік жоспарының, аумақтарды дамытудың экономикалық және салалық (секторалдық) бағдарламалары негізінде әзірленген алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің қаражатын жұмсаудың басым

бағыттарының тізбесі бойынша;

1-қосымшаға сәйкес нысанда алдағы қаржы жылы секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды береді.

Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясына осы тармақта көрсетілген ұсыныстарды енгізеді.

Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған аудандық (қалалық) бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын және алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

46. Аудан (қала) бюджетінің қаражаты жұмсалудың басым бағыттарын, аудан (қала) бюджетіне түсетін түсімдер болжамын ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде:

1) аудан (қала) бюджетінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін:

аудан (қала) бюджетіне түсетін түсімдерді;

аудан (қала) бюджетінің тапшылығын (профицитін);

аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін, оның ішінде ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша шығыстардың лимитін;

2) аудандық (қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегінің сомалары ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көрсеткіштерді және аудандық (қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемін қарайды және анықтайды.

47. Инвестициялық жобалар бойынша шығыстардың лимиттерін қоспағанда, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін аудан (қала) бюджеті шығыстарының лимиттерін, сондай-ақ ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемдерін ауданның (қаланың)

жергілікті уәкілетті органы аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне үш жұмыс күні ішінде жеткізеді.

Ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша жергілікті бюджет шығыстарының лимиттерін ауданның жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына үш жұмыс күні ішінде жеткізеді.

48. Ауданның (қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған инвестициялық жобалар бойынша шығыстар лимиті шегінде инвестициялық жобаларды жергілікті бюджеттен қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін қалыптастырады және ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін оларды ауданның жергілікті уәкілетті органына кейіннен ол ауданның (қаланың) бюджет комиссиясына енгізуі үшін ұ с ы н а д ы .

Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы ағымдағы жылы іске асырылатын жобаларды ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобаларды аудан (қала) бюджеті қаражатынан қаржыландыру тізбесі мен көлемдерін анықтайды, оларды ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 5 мамырына дейінгі мерзімде аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

9-тарау. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу

49. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Республиканың индикативтік жоспары, Облыстың индикативтік жоспары, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары, аудан (қала) бюджеті қаражатын жұмсаудың басым бағыттары негізінде, ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған алдағы үш жылдық кезеңге арналған ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдерін ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстар лимиттерінің, инвестициялық жобаларды ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландыру тізбесі мен көлемдері шегінде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша жасайды және ағымдағы жылдың 15 мамырына дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

50. Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша паспорттардың тиісті деректерін және жобаларын қамтитын бюджеттік өтінімдерді жасайды.

51. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы бюджеттік өтінімдерді

олардың Республиканың индикативтік жоспарына, Облыстың индикативтік жоспарына, алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджеті қаражатын жұмсаудың басым бағыттарына, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін жеткізілген шығыстардың лимиттеріне, инвестициялық жобаларды ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландыру тізбесі мен көлемдеріне, ауданның (қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеу көлемдеріне, бюджеттік өтінімдерді жасауға белгіленген талаптарға сәйкестігі, есептеулердің дұрыстығы мен негізділігі мәнінде қарайды.

Олар бойынша жергілікті уәкілетті органның қорытындысын қоса берумен аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, сондай-ақ ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап өткен жылғы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпарат ауданның (қаланың) бюджеттік комиссиясының қарауына енгізіледі. <*>

Аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша жергілікті уәкілетті орган қорытындысының нысанын ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы айқындайды. <*>

Ескерту. 51-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441

қ а у л ы с ы м е н .

52. Ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органының қорытындыларын қарайды және ағымдағы жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде олар бойынша шешім шығарады.

53. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы осы Ереженің 52-тармағында көрсетілген ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының шешімдерін ескере отырып, ағымдағы жылдың 25 маусымына дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына мынадай болжамдық көрсеткіштерді енгізеді:

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің: аудан (қала) бюджетіне түсетін түсімдер көлемдері ерекшеліктер бөлінісінде;

аудан (қала) бюджеті шығыстарының көлемдері ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларына бөле отырып, бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) деңгейінде аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша, оның ішінде инвестициялық ж о б а л а р б о й ы н ш а ;

аудан (қала) бюджеті тапшылығының (профицитінің) мөлшері;

2) алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджетінің; аудандық (қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік

мекемелердің бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан кредиторлық берешегін жоспарланып отырған қаржы жылында өтеу көлемі;
жергілікті атқарушы органдар резервтерінің мөлшері;
жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі.

54. Осы Ереженің 53-тармағында көрсетілген аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтайды.

10-тарау. Аудан (қала) бюджетінің жобасын мақұлдау

55. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштері негізінде алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасын жасайды және оны ағымдағы жылдың 10 шілдесіне дейінгі мерзімде ауданның (қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасын ағымдағы жылдың 15 шілдесіне дейін ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтайды.

56. Ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ауданның (қаланың) бюджет комиссиясы анықтаған алдағы қаржы жылына арналған аудан (қала) бюджеті жобасының түпкі нұсқасының негізінде алдағы қаржы жылына арналған ауданның (қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды және ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органына ұсынады.

Аудан (қала) бюджетінің жобасымен бір уақытта ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштерін ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органына ұсынады.

57. Ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы аудан (қала) бюджетінің жобасын мақұлдағаннан кейін ауданның (қаланың) жергілікті уәкілетті органы ағымдағы жылдың 25 шілдесінен кешіктірмей аудан (қала) бюджетінің болжамын облыстың жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

58. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары облыстық бюджет бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде аудан (қала) бюджеттерінің бұрын жасалған болжамды көрсеткіштерін нақтылайды және аудан (қала) бюджетінің жобасын тиісті мәслихаттың бекітуіне енгізеді, ол екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджетті бекіту туралы шешім қабылдайды.

59. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары аудандық мәслихаттар бюджетті бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы бекітілген

жергілікті бюджеттердің негізінде облыстық (қалалық) бюджет және облыс бюджеті туралы жинақталған деректерді ұсынады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесіне
1-қосымша

Алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын _____ бюджеттік (респ. жерг.) бағдарламалар тізбесі жөнінде ұсыныстар

Р/с! N	Әкім. ші	Бағ. N	Бюджеттік дар. бағдарламаның ла. (кіші бағдар. ламань) ма. ламань)атауы	Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдар. ламань) атауы	Өткен жыл. жылдың жоспары кас. салық! шығы! стары!	Ағымдағы! жылдың жоспары кас. салық! шығы! стары!	Жылдар бойынша алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжам ----- ... ! ... ! ...							
1	!	2	!	3	!	4	!	5	!	6	!	7	!	8

I. Жалғастырылатын бюджеттік бағдарламалар:

- 1
- 2

II Жаңа (бұрын бюджеттен қаржыландырылмаған) бюджеттік бағдарламалар:

- 1
- 2

Ж и ы н ы : х

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Р/с! N	Негіздеме* !	Ескерту !
1	!	9
		! 9 1 0

I .
I I

Ж и ы н ы

х

х

* Осы бағанда бағдарламаны (кіші бағдарламаны) толық көлемде қаржыландыру қажеттілігін анықтайтын нормативтік құқықтық кесімнің атауын, нөмірін және күнін көрсету қажет.

Заңнамалық кесімге сілтеме жасалған кезде баптардың нөмірлерін көрсету қажет.

Осы нысанға әкімшілік шығыстар енгізілмейді.

Бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің басшысы _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің жобаларын
әзірлеу ережесіне
2-қосымша

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
жылдарға арналған
(бюджеттік бағдарламаның атауы)

ПАСПОРТЫ

1. Қ ұ н ы
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с!Бағдарлама!Кіші !Кіші бағдар!Бағдарламаны!Іске !Жауапты
 N ! коды !бағдарлама !ламалардың !іске асыру !асыру !орындаушылар
 ! !коды !атауы !жөніндегі !мерзімі!
 ! ! ! !іс-шаралар ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК